

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық акустикалық
жүйе 5.1 үйдің кинотеатры үшін

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



HT-435D

www.sven.fi

SVEN SM акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!
АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шаарттарында берілді. Автор мен баспагер осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС	2
2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	3
3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	3
4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ	3
5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	6
6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	10
7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	11

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Сабвуфер – 1 дана
- Сателлиттер – 5 дана
- Дистанциялық басқару пульты (ДБП) – 1 дана
- ДБП арналған қуат көзі элементтері (AAA типті) – 2 дана
- 2RCA-ге mini-jack сигналдық кабель – 1 дана
- Жалғастырғыш тетік (mini-jack-ге 2RCA) – 1 дана
- Коаксиальды кабель – 1 дана
- Акустикалық кабель – 5 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулығы – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз! Корпустаың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін www.sven.fi сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- Сақтандырғышты ауыстырған кезде АЖ желіден ажыратыңыз. Сол түрдегі және номиналдағы сақтандырғыштарды қолданыңыз. Қолдан жасалған сақтандырғыштарын қолданбаңыз.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ


HT-435D 5.1 акустикалық жүйесі (АЖ) әуенді шығаруға және ойындарды, фильм-дерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ кіріктірме қуат күшейткішімен, акустикалық және сигналдық кабельдермен жабдықталған, сол себепті ДК, ноутбук, MP3 немесе CD-плеерге немесе кез келген дыбыс сигналдың көздеріне қосуға болады.

АЖ ерекшелігі

- Кіріктірілген DD5.1/DTS
- Кіріктірілген 5.1-зорайтқыш
- Оптикалық және коаксиальды кірістер
- Қосымша стереокіріс (AUX)
- Стереосигналдың 5.1-ге түрленуі
- Дистанциялық басқару пульты
- Сателлиттерді қабырғаға орнату мүмкіндігі

Басқару панелі


- ① STANDBY: кезекті режим (күту режимі) индикаторы
- ② POWER: кезекті режимін қосу/өшіру тетігі
- ③ IR: ИК-сигнал қабылдағыштың терезесі
- ④ OPTICAL: оптикалық кірістің қосылу индикаторы
- ⑤ COAX: коаксиальды кірістің қосылу индикаторы
- ⑥ AUX: стереокірістің қосылу индикаторы
- ⑦ DOLBY/DTS: сандық сигнал ағымдағы форматының индикаторы
- ⑧ VOL-/VOL+: жүйенің дыбыс қаттылығының деңгейін азайту/ұлғайту тетіктері
- ⑨ 2.1/5.1: дыбыс шығару режимдерін ауыстырып қосу режимдері
- ⑩ INPUT SELECT: кірістерді ауыстырып қосу тетігі



1-сур. Басқару панелі

Артқы панель


- ① OPTICAL INPUT: оптикалық кіріс
 ② AUDIO INPUT: ДК, CD/MP3-ойнатқыштарын, магнитофондарды және т. б. қосуға арналған AUX стереокірісі (сол жақтық/оң жақтық)
 ③ COAX INPUT: коаксиальды кіріс
 ④ AUDIO OUTPUT: саттелиттерді қосуға арналған шығыс ажыратулар:
- FL/FR: сол жақтық/оң жақтық жаппай каналдардың шығыстары
 - CEN+/-: ортадағы каналдың шығысы
 - SL+/-/SR+/-: сол жақтық/оң жақтық сыртқы каналдардың шығыстары
- ⑤ FUSE: желілік сақтандырғыш
 ⑥ POWER: қуат көзін ажыратқышы
 ⑦ Қуат көзі сымы



2-сур. Артқы панель

Дистанциялық басқару пульты

- ① STANDBY: жүйені өшіру/қосу тетігі (күту режимі)
- ② OPT: оптикалық кірісті таңдау тетігі
- ③ COAX: коаксиальды кірісті таңдау тетігі
- ④ 2.1/5.1: дыбыс шығару режимін ауыстырып қосу тетігі
- ⑤ FRONT+/-: жаппай каналдың дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту тетіктері
- ⑥ CENTRE +/-: ортадағы каналдың дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту тетіктері
- ⑦ SUB-/+ : сабвуфердің дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту тетіктері
- ⑧ VOLUME +/-: жүйенің жалпы дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту тетіктері
- ⑨ MUTE: дыбысын өшіру тетігі
- ⑩ AUX: қосымша стереокірісін таңдау тетігі
- ⑪ RESET: бұрынғы реттеуіштерге оралу
- ⑫ REAR+/-: сыртқы каналдардың дыбыс деңгейін ұлғайту/азайту тетіктері



3-сур. ДБ пульты

Қуат көзі элементтерін орнату

ДБП-ін қолдану алдында 2 AAA типті 1,5 В қуат көзінің элементін салыңыз.

- Батарейалық бөліктің қақпағын ашыңыз.
- Қарама-қарсылығын сақтап 2 қуат көзінің элементін салыңыз.
- Қапағын жабыңыз.


Ескертпелер:

- Егер ДБП жұмыс жасамаса, қуат көзі элементтерінің бар-жоғын тексеріңіз немесе оларды жаңасына ауыстырыңыз.
- ДБП-ін сабвуфердегі ИК-қабылдағыштың терезесіне қарай бұрыңыз.
- ДБП 30° аспаған бұрышынан 7 метрлік қашықтығынан қолданыңыз.


5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

АЖ орналасуы

• АЖ-нің қабылдау әсері барынша жақсы болуы үшін колонкаларды 5-сур. сәйкес орнатқан жөн. Орталықтағы және жаппай жұп виртуалдық шеңберінің желісінде орналасқан, оның радиусы тыңдаушыдан орталықтағы колонкаға дейінгі аралық, ал шеңберінің ортасы - тыңдаушының басы болып саналады. Таңдаушыдан жаппай колонкалар мен орталықтағы колонкалардың әрқайсысына дейінгі арақашықтық тең. Жаппай колонкалар арасындағы аралық тыңдаушыдан колонкалардың әрқайсысына дейінгі аралығына тең. Сыртқы колонкалар тыңдаушыдан тап сондай арақашықтықта (сондай-ақ виртуалдық шеңберінде) «тыңдаушы – экран» осіне қарай шамамен 110° бұрышында орналасқан.



4-сур. Қуат көздерінің элементтерін орнату



5-сур. Колонкалардың орналасуы


- Колонкаларды бөлмелердің бұрышына және қабырғаның тап қасына орнатпауға тырысыңыз, себебі жағымсыз жаңғырықтар пайда болуы мүмкін. Мүмкіндігіңізше, АЖ қабырғадан 20 см кем емес қашықтығында орнатқан жөн.
- Қабылдау анық естілу үшін, жоғары жиілікті твиттерлер тыңдаушының құлағымен бір деңгейде болғаны дұрыс.
- Колонкаларды қабырғадағы текшелерге орнатуға болмайды. Осындай орнату, әсіресе төмен жиілікті диапазонда, дыбыстың шығуына әсер етуі мүмкін.
- Сабвуфер бағытталмаған дыбыс шығарады, сондықтан сабвуфердің дыбысы ең жақсы шығатын бөлменің кез келген жерінде орнатуға болады.

Колонкалардың сабвуферге қосылуы

- Қауіпсіздік үшін қосудың алдында құрылғылардың барлығы желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Сабвуферде дыбысын азайтқан жөн.
- 6-сур. көрсетілгендей, акустикалық кабельдерді (жинақтан) пайдаланып, колонкаларды сабвуферге қосыңыз.

Жүйенің жұмысы

- Жүйені сабвуфердің артқы панеліндегі POWER © (ON түрде) ауыстырып қосқышымен қосыңыз (2-сур.). Жүйе STANDBY режимінде (күту режимі) қосылады.




- ДБП-гі (3-сур.) немесе сабвуфердің алдыңғы панеліндегі **STANDBY** ① тетігін басыңыз, жүйенің өзі жұмыс режиміне көшеді. Сонымен бірге үнсіз қойылады, (AUX) белсенді болып табылады. Қажет кірісті таңдау үшін ДБП-гі тиісті тетіктерін немесе алдыңғы панельдегі **INPUT SELECT** ⑩ тетігін пайдаланыңыз. Қалауыңыз бойынша ДБП-гі немесе сабвуфердің алдыңғы панеліндегі тиісті тетіктер арқылы дыбыс қаттылығын ретке келтіріңіз: **VOL (+/-)** тетіктерімен – жүйенің жалпы дыбыс қаттылығын, **FRONT (+/-)** – жаппай, **CENTER (+/-)** – ортадағы және **REAR (+/-)** – сыртқы каналдарының.

Ескертпе: Жаппай, ортадағы және сыртқы каналдардың дыбыс қаттылығын, көп каналды сигналды сандық кірістер (COAX, OPTICAL INPUT) арқылы тыңдаған кезде ретке келтіруге болады.

- DD5.1/DTS ⑦ индикаторы ойнап жатқан көп каналды дыбыс жолының форматын көрсетуге арналған. Сонымен бірге DD5.1 форматында ⑦ индикаторының түсі қызыл түспен, ал DTS форматында – көк түспен жанып тұрады.
- **RESET** ⑪ тетігі бастапқы реттеуіштерге оралу үшін арналған.
- 2.1/5.1 режимі AUX стереокірісінен стереосигналды тыңдау үшін қолданылады, сонымен бірге сигнал барлық сателиттермен дыбысталады.

Ескертпе: Егерде жүйе ұзақ уақытқа дейін қолданылмаса, сабвуфердің артқы панеліндегі **POWER ⑥ ажыратқышын OFF түріне ауыстырып, қуат көзінің сымы ⑦ желіден суырған жөн.**

Сигнал көздердің қосылуы



7-сур. Сигнал көздердің қосылуы

6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Ақаулықтар	Себебі	Жою жолдары
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Желіге қосылуын тексеріңіз.
	Желі ажыратқышы қосылмаған.	Сабвуфердің артқы панеліндегі Power түймесін басыңыз.
Дауысы жоқ.	Дыбыс қаттылығының реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылығының реттеуішін ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін 5-суреттегідей етіп қосыңыз.
	Күшейткіш кірісі дұрыс таңдалмаған.	Сабвуфердегі не ДБП-гі кіру ауыстырғышын дұрыс қосыңыз (Input түймесі).
	ДБП дыбыс өшіретін түйме басылып қалған.	Дыбыс өшіретін түймені (Mute) қайта басыңыз немесе дауыс өзгертетін түймені басыңыз.
АЖ колонкаларының дауысы бөсең.	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін 5-суреттегідей етіп қосыңыз.
	Дыбыс қаттылығының реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылығының реттеуішін ретке келтіріңіз.
Дауыс дұрыс шықпайды.	Кіріс сигналының амплитудасы жоғары.	АЖ-і мен сигнал көздерінде дыбыс қаттылығының реттеуіштерімен кіріс сигналының көлемін азайтыңыз.
ДБП жұмыс істемейді.	ДБП инфрақызыл сигналы сабвуфердегі қабылдағыш терезесіне түспейді.	Сабвуфер мен ДБП-гі сигнал қабылдап, жіберетін терезелерді бір біріне қаратыңыз.
	ДБП элементтері заряды таусылған.	Қуат көзі элементтерін ауыстырыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетімен жөндемеңіз.

7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт: сабвуфердің сателлиттердің	110 (35 + 5 × 15) 35 5 × 15
Динамиктер диаметрі, мм: сабвуфердің алдыңғы колонка, артқы колонка орталық колонка	∅ 165 ∅ 76 (кең жолақты) 2 × ∅ 76 (кең жолақты)
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~220/50
Жиілік диапазоны, Гц: сабвуфердің сателлиттердің	40 – 150 150 – 20 000
Өлшемі, мм: сабвуфердің алдыңғы колонка, артқы колонка орталық колонка	313 × 170 × 313 95 × 110 × 120 95 × 220 × 110
Салмағы, кг	8,5

Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Sistem activ de boxe multimedia 5.1 pentru sistem home cinema

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгі: **HT-435D**

Импортёрлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:
«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050013,
Алматы, Республика алаңы, Фурманов көшесінің бұрылысы,
үй 13/195, 13Б кеңсе,
тел: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы
қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан Республикасы
аумағында «О-Си-Эс Казахстан» ЖШС-гі қабылдайды.
Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Мақатаев көшесі, 117, тел.: +7 (727) 352-86-68,
e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия Лимитед»
бақылауымен өндірілді, 48310, Финляндия, Котка,
Котлахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447.
Produced under the control of Oy Sven Scandinavia Ltd.
15, Kotolahdentie, Kotka, Finland, 48310.
Made in China.

® Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.

HT-435D